

Географиялық қабықтың заңдылықтары

Зандылықтар	Ерекшеліктері:
Тұтастығы	<p>Географиялық қабықтың әр компоненті өз заңдылықтары бойынша дамиды (развивается). Оның құрамдас бөліктерінің өзара байланысы мен бір-біріне тәуелді (взаимозависимый) тұтастық заңдылығын білу шаруашылыққа маңызы бар. Географиялық қабықтың тұтастығына бір ғана компонент өзгерсе, қалған басқа компоненттерінің өзгеретіндігі жөніндегі қарапайым фактінің өзі дәлел (доказательство) бола алады.</p>
Ырғақтылық	<p>Белгілі бір құбылыстың уақыт ішіндегі мерзімділігі (сезонность) мен қайталануын (повторяемость) ырғақтылық деп атаймыз. Ол тірі және өлі табиғатқа тән. Жердің өз осінен айналуы тәуліктік ырғақтылыққа (суточная ритмичность) әсер етеді. Әрбір ірі табиғат кешені үшін температура мен ылғалдылықтың, жануарлар мен өсімдіктердің іс-әрекетінің өзіне ғана тән тәуліктік жүйесі қалыптасады. Мысалы, аралас және жалпақ жапырақты ормандарда температураның тәуліктік ауытқуы (отклонения) шамалы (небольшое), ал шөлде, керісінше, өте көп.</p> <p>Барлық тірі организмнің тыныштық (покой) кезеңі – демалу және сергек болу кезеңі (период отдыха и активности) бар. Кейбір жануарлар күндізгі жарық кезінде, ал басқалары түнде белсенділік көрсетеді (показывают активность). Адамның тіршілігі де тәуліктік ырғақтылықта өтеді.</p> <p>Жердің Күнді айналуы табиғи процестердің жылдық ырғағын туғызады. Жылдық ырғақтылық температураның жылдық барысынан, желдердің ауысуынан (муссондар, бриздер), жауын-шашыннан, өзендер режимінен. Топырақ түзілуінен, өсімдіктер мен жануарлардың тіршілігінен, құстардың қайтып келуінен және т.б. жақсы байқалады.</p>
Зоналылық	<p>Табиғат зонасы – температура жағдайларымен ылғалдануы (увлажнение), өсімдіктер мен жануарлардың дүниесі бірдей (одинаковый) болатын ірі табиғат кешені.</p> <p>Табиғат зонасының компоненттер арасындағы байланыс: КЛИМАТ (жылу мен ылғалдың арақатынасы). ТОПЫРАҚ, ӨСІМДІК, ЖАНУАРЛАР ӘЛЕМІ.</p> <p>Құрлықтағы зоналардың пайда болуы климатқа жылу мен ылғалдың арақатынасына (соотношение) байланысты. Мысалы, температура жоғары, ылғалы мол жерлерде ылғалды тропиктік ормандар, ал температурасы жоғары, ылғал аз түсетін жерлерде тропиктік шөлдер қалыптасады.</p> <p>Табиғат зоналары өсімдік сипаты арқылы бірден ажыратылады.</p> <p>Табиғат зоналары климаттық белдеулер сияқты күн сәулесі сияқты түсу бұрышының азаюы мен ылғалданудың әркелкілігіне (разность) байланысты экватордан полюстерге қарай бірін-бірі алмастырады (сменяют друг-друга). Осы заңдылық зоналылық деп аталады.</p> <p>Табиғат зоналары жазықтарда ғана емес, сонымен бірге тауларда олардың етегінен шыңдарына (от подножий к вершинам) қарай ауысып отырады. Климат ендік бойынша ғана емес, биіктік бойынша да өзгереді. Бірін-бірі ауыстыратын зоналар тауды әр түрлі биіктікте айнала қоршап жатқандай болады, сондықтан оларды биіктік белдеулер деп атайды.</p> <p>Дерек көзі: http://stud24.ru/geography/geografialy-abyty-rylysy-zhne-asietter/516406-2343943-page1.html</p>
<p style="text-align: center;">Ендік зоналық пен биіктік белдеулік заңдылықтары</p> <p>Географиялық зоналылық – Жер бетінде ландшафттардың таралуының негізгі заңдылығы, ол табиғат зоналарының бірқалыпты ауысуына негізделеді, ал бұл ауысым ендік бойынша Күн сәулесінің түсу бұрышының әр түрлілігі мен ылғалдану мөлшерінің әр түрлі болуына байланысты. Географиялық зоналыққа атмосфера, гидросферадағы процестер мен жер бедері қалыптасуының экзогенді процестері, топырақтың қалыптасуы, биосфераның қалыптасуы мен өзгеруі жатады.</p> <p>Биіктік белдеулік – абсолютті биіктік өскен сайын тауларда табиғат жағдайлары мен ландшафттардың өзгеріп отыруы.</p> <p>Биіктік белдеулікке биіктеген сайын климаттың өзгеріп отыруы әсер етеді: биіктеген сайын температура мен қысым төмендейді. Биіктік белдеулік геоморфологиялық, гидрологиялық, топырақтүзуші процестер, өсімдік және жануарлар дүниесінің құрамының өзгеруімен қатар жүреді.</p> <p>Биіктік белдеулер ландшафттары жазықтағы табиғат зоналарына ұқсас және бір-бірін сондай ретпен алмастырады. Жазықта ұқсас зоналары жоқ биіктік белдеулері бар.</p> <p>Дерек көзі: http://geography-ege.ru/zakon-shirotnoj-zonalnosti-i-vysotnoj-poyasnosti</p>	

Жоңғар Алатаудың табиғат зоналары

Жоңғар Алатауы Сібір мен Орта Азия тауларының аралығында жатқандықтан екі арадағы өткел қызметін атқарады. Оның солтүстігінде сібірлік шалғынды орман, оңтүстігінде далаға тән ландшафт қалыптасқан. Таудың биіктік белдеулері шөлейт зонадан (500–600 м-ден 1200–1400 м-ге дейін) басталады. Одан жоғары дала зонасы (1200–1400 м-ден 1800–2000 м-ге дейін) жатады. Онда шырша, самырсын ағаштары өседі. Жаруарлардан бұғы, аю, елік т.б. кездеседі. Шалғындары мал жайылымына қолайлы. Таудың биік белдеуі солтүстікте 2200–2400 м-ден, оңтүстікте 2400–2500 м-ден жоғары басталады. Онда субальпілік шалғындар, омбы қарлар, мұздықтар кездеседі. Жануарлар дүниесінде алтайлық және тьянь-шаньдық түрлер көп. Олар да зоналық заңдылық бойынша тараған.

Қолданған сілтеме

<http://qazaqstan3d.kz/kz/place/view?id=27> Жоңғар Алатауы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі